e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 04.10.2023
Сақтау күні 28.03.2024
Дата редакции 04.10.2023
Дата скачивания 28.03.2024

Қазақстан Республикасының Үкіметі (Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 17 қазандағы № 773 қаулысы

Правительство Республики Казахстан (Премьер-Министр РК)

«Қазақстан инжиниринг (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазтехнологиялар» акционерлік қоғамы акцияларының 100 (бір жүз) пайыз мөлшеріндегі мемлекеттік пакеті «Қазақстан инжиниринг (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен, «Қазақстан инжиниринг (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамымен (келісу бойынша) бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі» деген бөлімде:

реттік нөмірі 389-5-жол алып тасталсын;

2) *күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 862 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 862 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі **А. Мамин**